

Жастар — болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ



№8 (56)

30 қыркүйек, 2014 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

АЛАШТЫҢ МАҚТАНЫ — ЖҮСІПБЕК



2
бет

Қазақтың дара тұлғасы, ғылым және мәдениет қайраткері, жазушы, публицист, қазақ әдебиетіндегі роман жанрының негізін қалаушы, аудармашы, драматург Жүсіпбек Аймауытұлының асыл мұрасын бүгінде халқы танып, зор бағалануда. Өзі аңсаған тәуелсіз еркін елінде есімі дәріптеліп, елі үшін сіңірген еңбектері еленіп жатқаны қандай ғанибет.

ҚЫЗ — ҰЛТТЫҢ
ҚАЗЫНАСЫ



3-бет

ҚАЗАҒЫН СҮЙГЕН
МҰХТАР



4-бет

АТПЕН ЖҮРІС



6-бет

ДҮРБІ

ПАВЛОДАРДА ЖАС АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ ӨТТІ

Қазақстан Республикасы «Тіл туралы» заңының қабылданғанына және халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының 25 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Туған тілім – айбыным!» атты облыстық жас ақындар мүшәйра-байқауының қорытындылары шығарылды, деп хабарлайды pavlodarnews.kz тілшісі облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасына сілтеме жасап.



Шара аталмыш ведомство және «Ертіс Медиа» ЖШС-ның мұрындық болуымен өтті. Байқауға 16-25 жас аралығындағы талапкерлер қатысып, өнерлерін ортаға салды. Бәйгеде ПМПИ-дің студенті Махаббат Шынар өз қарсыластарынан оқ бойы озып, I-ші орынға ие болды. II-ші орынға С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің студенті Мұрат Марғұлан, ал III-ші орынға Баянауыл ауданының Ш. Айманов атындағы қазақ гимназия мектебінің оқушысы Айнұр Мұратбек ие болды. Ал ПМПИ-дің студенті Алмас Ақтасов ынталандыру сыйлығымен табысталды.

pavlodarnews.kz

ТІЛ – ХАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДІНГЕГІ

2014 жылдың 22 қыркүйек күні С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Қазақстан халықтарының тілдері күні құрметіне «Тіл – халық мәдениетінің діңгегі» тақырыбына арқау болған дөңгелек үстел өтті.



Аталмыш шара студенттерді басқа диаспоралардың тіл мәдениетінің ерекшеліктерімен таныстырып, және де әр тілдің бірегейлігі мен өзгешілігін ашуға бағытталды.

Дөңгелек үстел университетіміздің көптеген ұлт өкілдерінің басын қосты. Шараға қатысушылар лингвистикалық жағдайды жақсарту бойынша өздерінің мәселелері мен ұсыныстарын алға тартты. Дөңгелек үстел жұмысы барысында қатысушылар өздерінің ана тілдерінің ерекшелігі туралы баяндамаларын ұсынды. С.Торайғыров атындағы ПМУ гуманитарлы-педагогикалық факультетінің «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасының студенттері Карина Мержоева мен Махамбет Макулов Қазақстан Республикасындағы ағылшын тілі мен қазақ тілінің тарихын баяндады. Ал, ингуш тілінің мәдениеті жөнінде қызықты мәліметтерге қанық еткен Гуманитарлы-педагогикалық факультеттің «Психология және педагогика» кафедрасының студенті – Эсет Хайхорова.

Қазақстан халқының тілдері күні ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1998 жылғы 20 қаңтар күнгі жарлығымен 22 қыркүйегінде тойланады деп бекітілген болатын. Бүгінде мектеп оқушылары Қазақстан мектептерінде қазақ тілінен өзге онға жуық тілдерді меңгереді. Елімізде ұлттық мәдени орталықтарда тілдерді үйренуге бағытталған жексенбілік мектептер жұмыс жасайды. Сонымен қатар, неміс, корей, ұйғыр, украина тілдерінде газет жарық көріп, алуан түрлі теле-радио бағдарламалар шығып тұрады. Мұның бәрі де Қазақстандағы саны аз ұлт өкілдері өз мәдениетін, тарихын өз туған тілінде білуіне мүмкіндік береді.

Павлодар мемлекеттік университетінің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер департаментінің маманы Тілек Мәсәлімнің айтуы бойынша әр азамат өзінің туған тілінде сөйлеуге құқылы. «Біздің университетте бірінші кезекте ұлтаралық бірлікті, келісім мен ауызбіршілікті нығайтуға бағытталған студенттік «Бірлік» ассамблеясы мен «Қазақстан халықтарының кітапханасы» оқу залы ашылған», – деп мәлімдеді департамент маманы.

Елбасымыздың үштілділік туралы идеясын жүзеге асыру аясында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде көптілді білім беру бағдарламасы іске асып, оқу процесіне қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілінде оқытуды енгізген.

ШАРА

АЛАШТЫҢ МАҚТАНЫ - ЖҮСІПБЕК

Қазақтың дара тұлғасы, ғылым және мәдениет қайраткері, жазушы, публицист, қазақ әдебиетіндегі роман жанрының негізін қалаушы, аудармашы, драматург Жүсіпбек Аймауытұлының асыл мұрасын бүгінде халқы танып, зор бағалануда. Дүниеден озғанына 85 жыл өтіп, өзі аңсаған тәуелсіз еркін елінде есімі дәріптеліп, елі үшін сіңірген еңбектері еленіп жатқаны қанғай ғанибет.



2014 жылдың 19 қыркүйек күні С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Аймауытов оқулары» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференция шымылдығы халқымыздың біртуар перзенті Жүсіпбек Аймауытұлының өмірінің жаңа қырлары мен шығармашылығының тың белестерін айғақтайтын «Кемеңгер» деректі фильмді көпшілік назарына ұсынумен ашылды.

Конференцияның модераторлық қызметін ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің кеңесшісі, ҚР ҰҒА академигі, философия

Сондай-ақ, конференцияның пленарлық отырысында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Сайлау Байбосын, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай, қазақтың белгілі жазушысы әрі драматургі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Әкім Тарази, С.Торайғыров атындағы ПМУ Ж.Аймауытов атындағы этнопедагогика және білім берудің инновациялық технологияларды оқытудың ғылыми-тәжірибелік орталығының басшысы п.ғ.д., профессор Еңлік Жұматаева баяндамаларын

кітап көрмесі ұсынылды.

Аталмыш конференция қазақтың кемеңгер ұлдарының бірі де бірегейі – Жүсіпбек Аймауытұлының туғанына 125 жылдығын тойлау аясында өтіп жатқан шаралардың бірі. Дәл осы күні Павлодар облысы Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театры алдында Жүсіпбек Аймауытұлының ескерткіші бой көтерді. Астаналық шебер Ермек Тоқтаровтың қолынан шыққан биіктігі 7,6 метр болатын қола мүсін күрең қызыл граниттен жасалған тұғырға қойылды.

Одан ары қарай мереке Баянауыл баурайында «Жүсіпбек – алаш ардақтысы» атты ауқымды іс-шарамен жалғасын тапты.

Естеріңізде болса, осы жылдың қыркүйек айының басында Баянауылдың бір уыс топырағы Жүсіпбек Аймауытұлы жерленген Мәскеу қаласындағы Ваганьково зиратына жеткізілген болатын. Алаштың ардақтысы – Жүсіпбекке атамекеннің бір уыс киелі топырағы осылайша бұйырды. Ресейдің орталық мұрағатынан Аймауытұлының сүйегі Ваганьково зиратындағы «бауырластар қабірінде» жерленген деген мәліметпен жауапхат келген. Бұл қабірде қазақтың басқа да саяси қуғын-сүргін құрбандары жерленген көрінеді.



ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім мырзаның өзі атқарды. Ғарифолла Қабдыжаппарұлы конференцияның ашылу салтанатында қазақ әдебиетін дүниежүзілік әдебиет аренасына шығарған, тың жанрларға жол салып кеткен Жүсіпбек Аймауытұлының шығармаларының халқы үшін құнды екенін атап өтті.

Павлодар облысы әкімі Қанат Бозымбаев құттықтау сөзінде жерлесіміз Жүсіпбек Аймауытұлының мәдени-тарихи мұралары мен сан қырлы да ерекше шығармашылығын насихаттаудың маңыздылығын ескере келе, Павлодар облысындағы әрбір орта мектептерде «Аймауытов оқуларын» өткізуді дәстүрге айналдыруды ұсынды. Сондай-ақ, жазушы шығармашылығын тануға бағытталған мұндай шараларға жоғары оқу орындары да ұйытқы болады деді облыс басшысы.

С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор Серік Өмірбаев өз сөзінде: «Жүсіпбек Аймауытов асқан таланты мен таудай талабының арқасында әдебиетімізді еуропалық және дүниежүзілік көркем әдебиеттер қатарына қосты. Әсіресе, көркем тілі, адам жанының не қилы пернелерін баса білетін психологизм күні бүгінге дейін оқырманды таңдандырмай қоймайды», – деп ақын шығармашылығының ерекшелігіне тоқталды.



көпшілікке ұсынды.

Мұнымен қоса, конференцияның құрметті қонақтары ретінде мемлекет қайраткерлері, белгілі ғалымдар, ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Асқар Бөрібаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Алмас Туртаев, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, театр сыншысы Әшірбек Сығай және басқалары қатысты.

Жүсіпбек Аймауытұлының құрметіне өткізіліп отырған шара барысында туыстары мен ұрпақтары Римма Аймауытова мен Василий Аймауытовқа зор құрмет-сый көрсетілді.

Конференция жұмысы барысында С.Торайғыров атындағы ПМУ концерттік залында қонақтар мен қатысушылар назарына «Жүсіпбек Аймауытұлы – жазушы, драматург, аудармашы, әдебиеттанушы және педагог» атты

Сөз түйін. Ертіс-Баян өлкесінің тумасы – Жүсіпбек Аймауытұлындай елінің тау тұлғалары болмаса, қазақтың өнері, ғылымы, әдебиеті өркен жаймас еді. Қазаққа бергені көп, қызметі қыруар еді, ұлты үшін тартқан азабы да мол болды. Өмір қиындығы мен қатал дәмін татып жүрсе де, қазағына деген жанашырлығы мен адалдығынан таймады. Қазақ әдебиетінде орыны толмас дүниелерді әкелді, құнды зерттеу еңбектерін жасады, жаңаша бағыттарға жол салды. Сондықтан, бүгінде оның мұрасы асылға баланып, кейінгі ұрпаққа рухани мол азыққа татыды. Қазағыма үйреткені мен тоқытқанының маңыздылығын ескерсек, әлі талай ұрпақ қаламгер рухына тағзым етері хақ.

Жанар ЕЛЕШОВА

ҚЫЗ – ҰЛТТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

Заттай байлықтың құны өршіп тұрған бұл кезеңде руханият аяқ асты қалмауға тиіс. Адам тек тәнімен ғана адам болып тұрмағанын жақсы сезінуіміз – бүгінгі күннің өткір мәселесі. Біз рухымыз биік болғанда ғана Адам деген асыл есімге кір жуытпай қала аламыз. Діні мен ділі берік ел – алынбас қамал. Ал оның болашағы ұлттың адаспай ұлт болып қалуы, қоғамның ырғақты дамуы, мемлекеттің өркендеуі – соңында келіп әйелге, келешек Ана болар қыздардың қалай тәрбиеленетініне байланысты болмақ.

Нәзік жандылар басқа елдердің өркениеттік жетістігі деп бағаланған арзанқол мәдениет үлгісі ата салт-дәстүріміздің тұнығын лайлатпаса екен, болашақ ана екендерін ұмытпаса, өз денсаулықтарының қадірін түсінсе, заман ағымына сай жаңа технологияларды меңгерсе, білімді, білікті өз маманының шебері болса, ең бастысы ұлттық құндылықтарын қыз балаға тән қасиеттерін жоғалтпаса игі. Міне қазіргі қоғамның осындай өзекті мәселесін шешудің бір тетігі болып табылған «Қыз жібек» клубы туралы сөз етсек.

2014 жылдың 16 қыркүйегінде С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Қыз Жібек» қыздар клубының белсенділері республикалық жоғары оқу орындарындағы «Қыз Жібек» қыздар клубының филиалдары арасындағы «Қыз – ұлттың қазынасы» атты республикалық телекөпір жұмысына қатысты.

С.Торайғыров атындағы ПМУ «Қыз Жібек» клубы 2013 жылдың 16 қыркүйек күні қыздарға алғаш есігін ашты. «Қыз Жібек» клубы танымдылық, ғылыми-білімдік, қоғамдық бағыттарда қоғамға пайдасы зор талай ізгі істердің басын қайырды. Осы

бір жыл ішінде қандай қомақты да ұтқырлы жұмыстар атқарылғандығы жайында нәзік жандылардың жанашыры, клуб төрайымы С.Торайғыров атындағы ПМУ Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор Айман Зейнулина баяндап берді.

Онлайн конференцияға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Қыз Жібек» клубтарының мүшелері мен белсенділері қатысты.

Аталмыш телекөпір еліміздегі жоғары оқу орындарындағы «Қыз Жібек» қыздар клубы филиалдарының жұмысымен танысу, ортақ мақсат-міндеттерге сай өзара пікір алмасу, өзара тәжірибе алмасуды мақсат тұтты.

«Қыз – ұлттың қазынасы» атты телекөпір Қазақ мемлекеттік педагогикалық қыздар университетінің 70 жылдық мерейтойын мерекелеу аясында өтіп жат-



қан шаралардың бірі. Сондықтан онлайн конференцияның өтуіне ҚазМҚПУ ұйытқы болып отыр. Былтыр ҚР Дін істері агенттігінің бастамасымен ҚазМҚПУ базасында қыздарды ұлттық дәстүрлер мен төл дүниетаным аясында тәрбиелеуді мақсат еткен «Қыз Жібек» қыздар клубы ашылған болатын. Кейіннен қыздар клубтары басқа да Қазақстанның жоғары оқу орындарында құрылды.

Конференция жұмысы барысында Алматы, Павлодар, Көкшетау, Атырау, Қы-

зылорда мемлекеттік университеттерінің «Қыз Жібек» клубтарының бір жыл бойғы жетістіктері мен табыстары, атқарған игі еңбектерінің нәтижелері сараланып, баға берілді, болашаққа жоспарлар жария етіліп, мақсаттар айқындалды.

Конференция соңында С.Торайғыров атындағы ПМУ Студенттік филармония басшысы, клубтың үйлестірушісі Айнұр Азимханқызы клубтың бір жылдық туған күнімен клуб мүшелерін құттықтап, жиылғанға жүрекжарды лебізін арнады.



Айман Зейнулина, Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ «Қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі

жасалуда. Дәстүрлі дініміздің насихатталуы, қыздарымыздың хиджаб кию мәселесі мен бұрыс ағымдар туралы ақпарат беретін семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізілді. Ал тәрбие бағыты бойынша қыздарымыздың салауатты өмір сүру салтын ұстануы, гендерлік саясат, болашақ ана денсаулығының маңыздылығы мен қыз тәрбиесіне қатысты дерістер мен кездесулер өткізуге мұрындық болдық. Қоғамдық және бұқаралық ақпарат құралдары бағыты бойынша біздің белсенділер теле-радио бағдарламаларға қатысып, жас қыздарымызға келелі кеңестерінен аянып қалмады. Сондай-ақ, клуб мүшелері тастанды балаларға барып, қарттар үйіндегі жалғыз басты қарияларымызға да қамқорлық танытты, қарттар үйінде сауалнама жүргізді.

Нақты тоқталсам, «Ирбис» телеарнасында «Айтарым бар», «Қазақстан – Павлодар» телеарнасында «Сырсандық» бағдар-

ламаларында және Павлодар облыстық радиосында клуб жұмыстарын айшықтап, қыздарымызға ұлттық тәрбие маңыздылығы мен оның бүгінгі дәуірмен үйлесім табуы туралы талай әңгімелерді тарқатып, бойжеткендерімізбен сырлас болдық. 2014 жылдың 24 сәуірінде Қыз Жібектің символына айналған «Қыз Жібек» фильміндегі Қыз Жібек аруды сомдаған қазақ кино өнерінің жұлдызы, Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі Меруерт Өтекешовамен клуб мүшелері қыздарымен кездесу өтті. Кездесуде қыздарымыз қазақ кино өнерінің қыр-сырларынан бөлек, Қыз Жібек фильмінің тарихы, түсірілім алаңында ұшқындағын баянды махаббаты турасында сұрақтарға жауап алды. Кеш өте тағылымды да қызықты өтті.

Қазір «Бұрымды қыз, сырғалы сұлу» атты жоба бойынша жұмыс жасап жатырмыз. Бұл жоба Ұлыстың ұлы күнінде «Ұйқашарды» мерекелеу барысында өткізуді

кездеп отырған жайымыз бар. «Бұрымды қыз, сырғалы сұлу» байқауы қазақ қыздарының бойына ұлттық тәрбиені, ұлттық салт-дәстүрлер мен қазақи сананы сіңіруге бағыттталып отыр.

Біз бір жылдық ғұмырымызда қоғамға маңызды істерді атқарып, университетіміз бен өңірімізде болып жатқан игі істердің басы-қасында жүрдік, ұлттық салт-дәстүрді насихаттауда ұйытқы болдық деп ойлаймыз. Алда да клуб мүшелерімен бірлесіп атқаратын шаруалар көп-ақ.

«Қыз Жібек» клубының мүшелері мен белсенділерін шын жүректен туған күндерімен құттықтаймын. «Қыз Жібектен» тәлім алып шыққан қыздарымыз ертеңгі күні бір-бір шаңырақтың отынын түтетіп, өнегелі келін, асыл жар, аяулы ана болып, қоғамның белді мүшесі болатынына сенімдімін. Қыздарыма денсаулық, табыс, шығармашылық жетістіктер мен жеңісті сәттер тілеймін.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі «Қыз Жібек» клубының ұстанымы үлкенді сыйла, сыпайы жүр, әдемі күл, терең ойлан. Біз осы ұстанымға берік қазақтың биязы да парасатты, ақылына көркі сай қыздарын тәрбиелеуді мақсат тұтамыз.

Клуб танымдық бағытта қыздарымыздың салт-дәстүр, тіл, дін, ұлттық киім, ас-мәзірі сынды құндылықтарымызды танытатын іс-шараларды ұйымдастырып келеді. Осы тұста студенттердің діни сауаттылығын арттыруға бағытталған «Білім+» жобасы бойынша белсенді жұмыстар

«ҚЫЗ ЖІБЕК» - ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРІНІҢ ТӨЛҚУЖАТЫ

Пәк махаббат пен шынайы сезімнің нышаны «Қыз Жібек» жыры қазақ халқының сарқылмас қазынасы. Өшпес мұра «Қыз Жібек» жырының желісімен түсірілген Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібек» көркем фильмі қазақ киносының алтын қорына айналды.

1968-1970 жылдары түсірілген «Қыз Жібек» көркем фильмінің тұсауы 1970 жылы Алматы қаласындағы «Целинный» кинотеатрында кесілген болатын. Бүкілодақтық тұсау кесері 1971 жылы Мәскеу қаласында өтті.

Фильм сценарийін жазған Ғабит Мүсірепов Жібек пен Төлегеннің махаббатын ғана жазып қоймай, ел-жұртты бірлікке шақырып, қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрді көрсетуге ұмтылған. Фильм музыкасын саз сайылқыраны Нұрғиса Тілендиев ұлттық нақышқа келтірсе, ән өлеңдерін Қадыр Мырза Әлі жазған.

Жағалбайлы елінен шыққан Төлеген (Құман Тастанбеков) жар іздеп, көп қыздың арасынан Сырлыбайдың (Кененбай Қожабеков) қызы Жібекті (Меруерт Өтекешова) ұнатады. Алайда, өзара руға бөлініп, екі жақ тартыстың салдарынан Төлеген әкесі Базарбайдың (Кәукен Кенжетәев) батысынан аттап кетіп, сүйіктісі Жібектің еліне кетеді. Жібектің елінен шыққан сарбаз Бекежан (Асанәлі Әшімов) қос ғашықтың махаббатын көре алмай, үш ай Сырлыбай елінде болып, өз еліне сапарға шыққан Төлегенді өлтіреді. Сүйгенінің қазасын білген Жібек Жайық өзеніне батып өледі.

Фильм 1972 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Фильм режиссері Сұлтан Қожықов, сценарий авторы Ғабит Мүсірепов, басты рөлдерді сомдаған актерлер Меруерт Өтекешова, Құман Тастанбеков, Асанәлі Әшімов Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын иеленді.

1972 жылы Тбилиси қаласында өткен Бүкілодақтық кинофестивальде «Үздік көркемдік шешім» номинациясы бойынша жеңімпаз аттанды.

Аталған фестивальде Гүлфайруз Ысмайылова, Кененбай Қожабеков, Сұлтан Қожықов дипломмен марапатталды.

2010 жылдың 27 желтоқсанында «Құлагер» ұлттық кинематографиялық байқауында Асанәлі Әшімов, Меруерт Өтекешова, Құман Тастанбековке құрмет грамотасы мен «Экран шебері-2010» төс белгілері табыс етілді.

Бастысы – фильм қалың халықтың ыстық ықыласы мен үлкен марапатына ие болды.

Қызықты мәліметтер

Фильмді түсіру жұмыстары Семей, Көкшетау, Ақтау өңірлері мен Алматы облысының сол кездегі Күрті ауданында, Жаркент маңында, Іле өзенінің жағалауында жүргізілген.

Басты кейіпкер Жібек рөліне лайықты бойжеткенді табу мақсатында 1968 жылы 1 қаңтарда «Лениншіл жас» (қазіргі таңда «Жас Алаш») газетіне хабарландыру жарияланады.

Төлегеннің ақсауыты мен Жібектің бүрмелі көйлегі бұл күнде «Қазақфильм» мұрағатында сақтаулы.

Бішкек қаласының хайуанаттар бағынан киноға түсіру үшін арнайы аққулар әкелінген. Түрлі себептермен киноның 500 метрлік лентасы қиылған. Түпнұсқада фильм ұзақтығы 3 сағаттан асады.

Фильмге сегіз, он, он алты қанатты жалпы саны отыздан асатын киіз үйлер арнайы тігілген.

Фильмнің бас суретшісі Гүлфайруз Ысмайылова киноны көркем безендіру үшін мың жарымнан астам эскиз жасаған екен.

Мәліметтер Массажет сайтынан алынған

ҚАЗАҒЫН СҮЙГЕН МҰХТАР

Ғалым қазақ ауыз әдебиетін жинақтап, жүйелеп, қазақ әдебиеті тарихы, Абайдың өмірі мен шығармашылығы, әдебиеттану мен фольклордың теориялық мәселелері туралы іргелі еңбектер жазған. Сан алуан мақалаларымен ағымдағы мәселелерге дер кезінде үн қосып отырған. Ол қоғам және мемлекет қайраткері ретінде дүниежүзілік аса маңызды мәселелерді шешуге, халықтардың рухани ынтымақтастығын дамытуға елеулі үлес қосқан. Қазақтың даңқты жазушысы, ғұлама ғалымы, әдебиет сыншысы, тамаша педагогы, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің даралығы мен даналығы, заңғарлығы мен дарханлығы қай салада болмасын көрініс тауып отырған.

Бала Мұхтар

Мұхтар Әуезов 1997 жылы 28 қыркүйекте Семей облысы Шыңғыс болысындағы Аяққараған мекенінде көшпелі қазақ Омархан Әуезовтің отбасында дүниеге келді. Мұхтардың бабасы Бердіқожа шешен сауатты кісі еді, ол ата-бабаларының салт-дәстүрлерін сақтаған, қызыл тілдің хас шебері болған адам. Бала Мұхтар қазақ ауыз әдебиетінен сусындап, ертегіні ермек етті, халық аңыздары мен тағылымды әңгімелерге қанығып өсті. Ол дүниеге келген жылы қазақтың ұлы ақыны Абай 52 жаста еді. Ол кезде Абайдың есімі ел ішіне кеңінен тарап, танымалдығы артып тұрған уақыт болатын. Мұхтар ес білгелі Абайдың өлеңдері мен терең ойлы сөздерін жаттап, бойына сіңірумен болды. Оның қаламы қарымды қаламгер болуына қазақи тәрбие мен Абай шығармашылығына деген ынтызарлық себеп болса керек.

Алаштың Мұхтары

Мұхтар алғаш сауатын Семейдегі медреседе ашты. Кейін бес сыныптық орыс мектебін, оқушылар семинариясын тәмамдады. Шәкірт Әуезов мінсіз тәртібімен, айрықша дарындылығымен, тектілігімен, аса сыйайы мінез-құлқымен өзгелерден дараланған деседі. Тамаша спортшы қаладағы бірінші «Жарыс» футбол командасында ойнаған. Болашақ жазушының айтуы бойынша, орыс мектебі «өзінің айқара ашылған ақжарқын құшағымен тартқан».

1918 жылы Мұхтар Әуезов Семей қаласының өкілі ретінде Омбы қаласында өткен жалпы қазақ жастарының құрылтайына қатысып, оның орталық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Құрылтайда «Алаш-орда» үкіметі мен Алаш қозғалысының бағытын ұстанған «Жас азамат» атты Бүкілқазақстандық жастар ұйымы құрылады. Ұйымның белсенді мүшесі бола жүріп, «Абай» ғылыми-көпшілік журналын шығаруға Жүсіпбек Аймауытұлымен бірге атсалысады.

Ол білім алып жүрген уақытта Семей қаласы еліміздің саяси орталығы еді. Семейге келіп, Мұхтар Әуезов Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов бастаған алашордашыл азаматтар қатарындағы Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды қазақтың дарынды ақын-жазушыларына қосылды. Алашордашыл бағытты ұстанған жастармен етене араласып, Мұхтар ұлтының бағының ашылуын аңсап, туған жұртына деген қамқорлығы арта түсіп, ұлттық бағытқа бет бұрады. Оның ағартушылық-демократтық бағытта жазған сол уақыттағы мақалаларында өнер-білімге, ғылымға, кәсіпке ұмтылмай, қамсыз отырған халқының болашағына алаңдаушылық, жақсылыққа жетелейтін жол іздеу байқалды. Кейін келе жазушы публицистикасы әдебиет мәселелеріне қарай ойысады. Кеңестік билік орнағаннан кейін Мұхтар Әуезов өмірінің осы бір үзігі, ұлтына деген осы бір жанашырлығы үшін тіршілігінің ақырына дейін қудаланып болады. Ол кеңестік билікті жырына қосып жүріп, халқының мұң-мұқтажын жоқтады, қазағының жарқын болашағын ойлаудан еш талған емес.



«Абай жолы» - шеберлік жолы

Мұхтар Әуезовтің туындыларының ішіндегі шоқтығы биік еңбегі – «Абай жолы» роман-эпопеясы. Бұл еңбек қазақ халқының тұрмысы мен қасиетін, ұлттық танымы мен болмысын тамаша суреттеген қазақ әдебиетінде бірегей орынға ие еңбек әрі бүкіл қазақ халқының мақтанышы. Алғашқыда жазушының роман жазу туралы ойы да болмаған көрінеді. Роман дүниеге келмес бұрын жазушы ақынның шығармашылығы мен өмірбаянын зерттеумен шұғылданады. Абай шығармаларының толық жинағына редактор болады, оның өмірбаянын жазады, ақын мен оның заманына байланысты тарихи деректер жинайды, орыс жазушысы Леонид Соболевпен бірлесіп «Абай» трагедиясын дүниеге әкеледі. Кейіннен Абай туралы жиналған материалдың көптігі соншалық, жазушыға роман жазуға тура келеді. Тіпті, Әуезовтің романға кірмей қалған мәліметтерінің өзі қаншама деседі. Ал материалдың көптігі айтулы еңбектің сәтті болып шығуына өз үлесін тигізді. Мұхтар Әуезов: «Бір-бірте өз халқының көзі болған Абаймен мен де сол халықтың жан жүрегін ұғуға және соны бір абзал қалпында ашып беруге, жайып салуға тырыстым. Жас Абайдың жалын атқан сезімі, жігіт ағасы болған Абайдың толғаулы ойлары мен әрекеті, кәрілік меңдеген шақтағы халық қамқоры, халық ұстазы болған Абайдың тартысы мен тақсиреті міне осының бәрі сол дәуірдегі халықтың да жаны мен жүрегін ұғуға бастайтын жол еді», – деп романның жазылу сырына қанықтырды.

Бұл еңбекте жазушы өзінің дарынының барлық қырынан ашылады. Өзінің бала күніндегі әрбір сәтті есіне алып, барынша оқырманға шынайы бейнелеп беруге тырысады. Кемеңгер тұлғаның болмысын кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен жазушы бұл еңбекте балалық күндеріндегі Абай туралы естіген әңгімелер мен естеліктерге жан бітіріп, ақынның ғибратты өткеніне өмір сыйлады. Ол бала кезінен ақынның жары, балалары, жақындары, туыстары, достары мен ауылдастарымен Абай туралы естеліктерді ұзағынан тыңдап, Абайдың өнері мен тағлымына қанығушы еді. Жазушы Абайды ең біріншіден өз уақытының жемісі, өз заманының үні екенін жадында ұстады, соны оқырманға жеткізді.

Мұхтар Әуезов бұл романын он бес жыл уақыт шамасында жазады. Жазушы «Абай жолына» зор дайындықпен кіріседі.

Абайдың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты да терең жасаған зерттеу жұмыстарын көптеген ғылыми еңбектеріне негіз етеді.

Қазақтың тұңғыш эпопеясы «Абай жолының» алғашқы тараулары 1930 жылдың басында «Әдебиет» журналына басылып шыға бастайды. А.Пушкиннің 100 жылдығына арнап жазған «Татьянаның қырдағы» әңгімесі осы «Абай жолының» бір тарауы болып енеді. Төрт томдық роман-эпопеяның біріншісі 1942 жылы, екіншісі 1947 жылы, үшіншісі 1952 жылы, соңғысы 1956 жылы жарық көреді. 1949 жылы Эпопеяның «Абай» атанған алғашқы екі кітабына КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. 1959 жылы төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Мұхтар Әуезовке «Лениндік сыйлықтың лауреаты» атағы берілді. Ұлы жазушының өшпес еңбегіне, заңғар дарынына көрсетілген бұл баға сол кездегі әдебиет пен өнерге берілетін ең жоғары, ең беделді атақ болатын.

Нәтижесінде, Мұхтар Әуезов әлемдік әдебиет алыптарының қатарынан ойып тұрып орын алды. Қазақ тілінің байлығы мен тазалығын әлемге паш еткен «Абай жолы» эпопеясы аса жоғары бағаланды да, дүниежүзілік әдебиеттің классикалық шығармасы қатарында адамзат рухани байлығының алтын қазынасына енді. Роман жаһан халықтарының 116 тіліне аударылды. «Абай жолы» роман эпопеясын француз тіліне аударған Луи Арагон: «Менің ойымша «Абай жолы» эпикалық романы – XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. Бұл роман оқушыға қызықты қиял мен ерекше ой өлкесін кездіріп, талай терең толғаныстар тудырады. Бұл шығарма кеңес әдебиеті туындыларының маңдай легінен орын алады деу аздық қылады, әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарманы табу қиын», – деп бағалайды.

Мұхтардың отбасылық ғұмыры

1917 жылы аттастыру салтымен туыстарының қалауы бойынша Мұхтар 15 жасар Райханға үйленеді. 1918 жылы ерлі-зайыптылардың отбасында Мұғалима есімді қыз дүниеге келеді, әкесі қызына өмір бойы қамқорлық көрсетіп өткен. 1920 жылы Райхан 18 жасқа толғанда Мұхтар онымен ажырасады.

Әуезовтің екінші әйелі Абайдың немере қызы Кәмила сұлу болады.

Мұхтар Әуезов үшінші жары Валентина Кузьминамен Ленинград мемлекеттік

университетінің әдеби-лингвистикалық бөлімшесінде бірге оқып, кейін тағдырларын қосты. Ленинград университетін бітіргеннен кейін жас ерлі-зайыптылар 1928 жылы Ташкентке көшеді. Онда ол Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыс факультетіндегі аспирантурада оқуын әрі қарай жалғастырады. Осында 1929 жылы қыздары Ләйля, ал 1935 жылы Ернар атты ұлы дүниеге келеді.

1937 жылы саяси қуғын-сүргін құрбаны болып, атылып кеткен Ілияс Жансүгіровтың зайыбы педагог Фатима Ғабитовамен көңіл қосады да 1943 жылы Мұрат есімді ұлы дүниеге келеді.

Ұлы қаламгердің ұрпағы түгелдей дерлігі ғылыммен айналысып, ел дамуына сүбелі үлестерін қосты. Бүгінде жазушының Мұрат баласынан өзгесі өмірден озды. Мұғалима апамыз әкесі туралы естеліктер жазып қалдырды. Ләйля Әуезова тарих ғылымдарының докторы, дарынды ғалым болған. Әкесінің шығармалары мен ғылыми еңбектерін жинастырып, мемориалды мұражайын ашып, оның дамуына көп еңбек сіңірген жан. Ернар Әуезов бүкіл ғұмырын Қазақстан табиғатын қорғау жөніндегі жұмыстарға арнаған. Ол Алакөлде табылған реликтілік шағала жайлы жоғары көркемдік эссе жазған. Реликтілік шағаланы зерттеу арқылы ол әлемнің ғалымдарын осы мәселеге назар аудартады. Бүгінгі күні қаламгердің кенже ұлы Мұрат Әуезов мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және танымал қоғам қайраткері ретінде қалыптасты. Мұхтардай әкесі сөйлеген ана тілін аз уақыт ішінде меңгеріп алаған Мұрат Әуезов барша замандастарына үлгі болды. Ол Мұхтар, Ернар Әуезовтердің мұраларын насихаттау мен қайта басылып шығу жолында көп еңбек сіңірді. Мұхтар Әуезовтің балалары мен немерелері де ғылым жолын қуып, қазақ мұраларын зерттеумен айналысты.

Түйін. Мұхтар Әуезов қазақтың басына біткен бағы десем еш қателеспеймін. Ол «Абай жолындай» дүниені дүниеге әкеліп, жер жаһанға қазақтың қасиетті болмысын, асқақ мәдениетін, терең пәлсапасын Абайдай кемеңгер тұлға арқылы ашып берді. Оның өшпес еңбектерінен әлі талай ұрпақ жігерін қайрап, баба сөзінен тамыр жайып, болашаққа бой түзері анық.

Жанар ЕЛЕШОВА

(Басы өткен санда)

ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҮНДЕСТІК

Ақын ана тілін шын сүйіп нағыз қазақтың тамырын жандандырған, қазір әрбір қазақ осы өлеңді кеудесін кере мақтанышпен жырлайды:

Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен: «құлыным, жаным» деген.
Сол тілменен бірінші білгізілген,
«Апа» деген сүйгендік сөз әлі менен...
Тілімде әдебиет, жанымда азық,
Өн болардай көңілге намыс – қазық,
Терең ойлар, дүниеге қарастар бар.
Көнекей сынап, байқап тапшы жазық.
Халық әділеттілікке жетеді, оған өз рухы көмектеседі деп сенген ақын:
Даламда бар ұят, құдай деген,
Қалаңдай намысы жоқ, жолсыз емен.
«Әділдердің көтеретін сыйлары бар,
Жауыздарға бір жаза бар» деп сенем.
Дәстүрі сақталған, қазақ елі өз келбетімен,
өз тарихымен, өз рухымен ешнәрседен,
ешкімнен кем емесін дәлелдеген:
Кең дала, шаңсыз ауа, таза қоныс,
Бөрі тоқ, бөрі де шат, жүзі жарық...
Малдары күншуақта, көк шалғында,
Ажарланған, тойынған, қыдыр дарып...
Сұлтанмахмұт «Сөзің – Өзің» дей келіп,
шығармашылығының өн табиғатында әр қазақтың жан дүниесіндегі сезім мен рухына күш беріп, ұлттық тәрбие негізінде

ұлт мәселесін ақылдылықпен,білімділікпен алуға шақырады.

Ал Сұлтанмахмұт пен Мұхтар Әуезовтің арасындағы байланыс төркіні де ұлттық мүдде жолында тоғысқан. Әуезовтің естерліктеріне сүйеніп, дерегіне зер салсақ: жазушы 1916 жылы Семей қаласында маусым жарлығы кезінде ақын Сұлтанмахмұтты көрген. Бұл кезде ақын күнкөріс, әрі білім алу, зиялылармен танысу мақсатымен Баянауыл, Павлодар, Том, Семей, Тарбағатай, Қатонқарағай, Шыңғыстау араларында жүрген кезі екен. Семейге қайта келген уақыты сол маусым жарлығына сәйкес түскен. Жарлыққа қарсы қазақ оқығандарының жиналысы Семейдегі Приказчиктер клубында өтеді. Содан кейін 1917 жылы қыста денсаулығына байланысты ақынды Әуезовтің үйінде қысырақтың қымызымен бір айдан артық демалдырғаны айтылады. Ақынды, оның қасиетін Мұхтар Әуезов ерте тани білген, 1918 жылы Жүсіпбек Аймауытовпен бірге «Екеу» деген атпен «Абайдан кейінгі ақындар» деген әдеби-сын мақала жариялайды, мұнда Сұлтанмахмұт өлеңдеріне, сыршылдықты арнайы талдап бағалайды. Бұл Сұлтанмахмұт туралы алғашқы ғылыми жұмыстың бастауы еді, соны ғалым: «Дұрысында осы мақала Сұлтанмахмұт

шығармашылығын ресми сөз еткен алғашқы әдеби-сын ой-пікір еді», – деп дұрыс байқаған. Өздері де әдебиетке келген жас талапкерлер екендігі, соған қарамастан Сұлтанмахмұттың шығармашылығынан жаңашылдықты көре білгенін айтып өтеді: «Оларға Сұлтанмахмұттың тақырып таңдауы мен бейнелеу әдісі ұнады», – деп өз бағалауын береді. Сонымен қатар ғалым аталған мақалада ізденіс төркінін олардың әдеби байланысы тұрғысынан алып қарағаны қонымды: «Әуезов даласы мен адамның атауы, аты, заты бар ондағы мінез, сурет, оқиға – бөрі де заманға, заманның тәртіп-талқысына сай келеді. Егер Сұлтанмахмұт бай, кедей, би, бәйбіше, төре, тілмеш десе, Әуезов адамдардың атын атайды, түрін түстейді», – деп екі шығармашыл адамның тәсіліне тоқталып өтеді.

Көркемдік әдіс қашанда автордың дүниені тану ерекшелігінен тыс болған емес. Табиғатынан ішкі сезімі, субъективті ой-пікірлері басым келіп, өмірлік жайттарды жүрегімен қабылдап, сыршыл нәзік сезімді туындылар жазатын, арман дүниесіне бейім туратын суреткерлер ғана шынайы болмыстың әр түрлі жағдайларын мейлінше өзіндік тұрғыда қабылдап жазды. Әсершіл романтик өмір шындығының объективті жақтарын саралаудан

гөрі, өзі қалаған рухани идеяларды алдыға оздырып жіберді. Мұндай көзқарас ерекшелігі романтизмнің барша өкілдерін дүниетаным тұрғысынан өзара жуықтастырады. Сөйтіп, бұл әдеби бағыттың философиялық негізінде идеализм жатады. Осындай ортақ сипаттан қазақ романтикалық шығармалар жазғанда идеалист қаламгерлер ретінде көрінеді. Хакім Абай да, жыр сұлтаны Сұлтанмахмұт та, сөз зергері Жүсіпбек те, заңғар жазушы Мұхтар да өткен дәуірлердегі қазақ қоғамын бейнелеуде болсын, төңкерісшіл лирикасында болсын, эллегиялық көңіл күйде болсын өзінің қоғамдық мұраттарын романтикалық идеал тұрғысынан биік тұрғыда көрсете білді.

Ендеше, Абайды оқып – ұлықты, Мағжанды жырлап – сыршыл, Мұхтарды зерделеп – парасатты, Сұлтанмахмұтты түсініп – ұлтжанды болуға әбден мүмкіндігіміз бар. Әдебиетіміз бен мәдениетімізде, тарихымыз бен өнерімізде Тау тұлға болған Қазақ Елінің Ұлы Тұлғалары кемел келешегімізде руханилығымыздың қуаты, ұлттық ынтымақтағымыздың тағылымы болатынына көміл сенеміз.

Айман ЗЕЙНУЛИНА,
филология ғылымдарының кандидаты, профессор

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Қазақтың ерке қызы - Ләзиза



ЛӘЗИЗА СЕРҒАЗИНАНЫ ТАНУ, ОНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІМЕН ТАНЫСУ, ӨМІРІНІҢ ҚҰПИЯСЫНА ҚАНЫҒУ АРҚЫЛЫ БІЗ ОЛ ӨМІР СҮРГЕН УАҚЫТҚА, ОЛ ТУЫЛҒАН ТОПЫРАҚТЫҢ ҚАСИЕТІНЕ ЖАҚЫНДАЙ ТҮСЕМІЗ. ОНЫҢ КӨЗІ КЕТСЕ ДЕ ЕЛІ, ҚАЗАҒЫ, АЗАМАТЫ, ТУҒАНЫ ТУРАЛЫ ЖАЗҒАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ОНЫҢ БОЛМЫСЫ МӘҢГІ САҚТАЛҒАН.

МҰҒАЛІМ ҚЫЗ ТАНЫМАП ЖҰРНАЛИСТ БОЛДЫ

Ләзиза Серғазина 1908 жылы қыркүйек айында әйгілі қажы Мешітбайдың отбасында дүниеге келеді. Мұсылмандық сауатын Стамбулда ашқан Мешітбай қажы ауыл балаларын оқытатын еді. Әкесі қызын діни білімнен өзге шығыс философиясы мен әдебиетіне сусындатып, кішкентай Ләзизаның мәдениетті де саналы, рухани сарайының мейлінше биік болғанына аса мән берді. Әкесінің тәрбиесі оны білімге құштар етті, оқуға зерек, жаңаға жақын болуына жол ашты.

Павлодар қаласында мұғалімдер оқытатын қысқа курстың ашылғаны туралы хабар 14 жасар Ләзизаның құлағына да жетеді. Ол бұл мектепке де өзінің өжеттілігі мен қайтпас қайсарлығының, білімге деген құштарлығының арқасында қабылданады. Оқуын үздік аяқтап, өз ауылында 1929 жылға дейін бала оқытады. Ауыл ішінде «мұғалім қыз» атанған Ләзиза білімнің көкжиегін бағындыруға бел байлап, Алматыға жол тартады. 1930 жылы КомВУЗ-ға оқуға түсіп, ал 1933 жылы маманданған журналист болып оқуын тәмамдайды.

КЕЛДІҢ СЕН БАҚЫТЫМНЫҢ БАҚ ҚҰСЫ БОП...

Ертістің ерке қызы қазаққа танымал, қазақтың бағына біткен шоқтығы биік тұлғалардың бірі – Қазақстан халық жазушысы Әбу Сәрсенбаевтың өмірлік жары еді. 1933 жылы КомВУЗ-да білім алып жүргенде екеуі танысып, содан бері жұптары жазылмаған. Екеуі жарты ғасырдан артық бірге кешкен ғұмырында Ләзиза апайы-

мыз жазушының жан серігі, адал досы, ақылшысы, кейде шығармаларының өткір сыншысы бола білді. Екі жанның үйлесімін тапқан жұбайлық ғұмыры тазалықтың, сыйластықтың үлгісі болғанын бұл отбасына жақын болғандардың ауызынан шығатын алғашқы сөзі. Осы орайда Әбу Сәрсенбаевтың сүйікті жарына арнаған шумақ жолдары еске түседі:

Өрқашан өзің болдың сағынарым,
Мөп-мөлдір қасиетіңе табынды арым.
Келдің сен бақытымның ақ құсы боп,
Көркейтіп Сәрсенбайлар шаңырағын...

БАСШЫЛЫҚҚА ҚҰМАР ЕМЕСПІН

Ләзиза Серғазинаның кәсіби шеберлігі турасында оның өмірлік жолдасы Қазақстан халық жазушысы Әбу Сәрсенбаев баспа бетіне шыққан бір мақаласында былай деп еске алып еді: «Соғыстан кейін әйелдер журналы қайта шығатын болды. Бүкіл қазақ қауымы бұл хабарды жүрежарды қуанышпен қарсы алды. Бұл жеңістен кейінгі еркіндікті сезінген тұсымыз болатын. Кімдер қызметке бекітілер екен деп асыға күттік. Редакторлыққа партия қызметкері, жас коммунист Хасиба Сейтқазиева тағайындалды. «Бәрекелді» – дедік. Хатшылыққа «Социалистік Қазақстанда» жиырма жыл істеген тәжірибелі журналист Ләзиза Серғазина шақырылды. Ол кісі менің зайыбым болатын. Ләзизаның кейбір достары мұндай шешім күтпесе керек: «Барма, баспасөздің не екенінен хабарсыз жас коммунист қыз редактор да, жиырма жыл тәжірибесі бар сен хатшы ғана болғаның не?» – десті. Ләзиза өзінің сапалық ми-

незімен достарына рахмет айта отырып, өзінің шешімін айтты: «Достарым, басшылыққа өзім де құмар емеспін. Менің әкем қажы болғандықтан партия мүшелігінде жоқпын, сондықтан басшы жұмысқа жібермейді. Өзім де оған тырыспаймын, қайта осы жұмысқа баруға бел байладым. Балаң редакторды өзім тәрбиелеймін. Менің көргенім көп, тәжірибем жетерлік. Оны қазақ қыздарын, қазақ әйелдерін тәрбиелеуге жұмсауға тиістімін. Бұл жұмыстың қолымнан келетіндігіне сенімдімін, сендер де сене көріңдер», – деген-ді сонда. Оның сөзіне достары қол соғып қошемет білдірді...».

Міне, Ләзиза өзінің қажырлы еңбегінің арқасында ғана қызметте өсті. Өзінің еңбек жолын 1933 жылы «Сталин жолы» облыстық газетінде бастады. 1937 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер болып орналасады да, көп ұзамай бөлім меңгерушісіне жоғарылатылады. Ал 1950 жылы «Қазақстан әйелдері» журналында жауапты хатшы қызметін атқарады. Ләзиза Серғазина – баспасөздегі еңбек жолында қазақ журналистикасының нығаюына елеулі үлес қосып, артынан мол өнеге қалдырған жан.

Түйін. Еліне сіңірген еңбегі, қазақ әйеліне деген қамқорлығы мен жана-шырлығы, атақ-лауазымнан жоғары болғандығы, талай жастардың білім алып, қоғамда орын табуына жол ашқан ақылшы ұстаз, мейірімді ана болғаны талайлардың ғана емес, халқының да жадында мәңгі қала бермек.

Жанар ӘБІДҚАЛИҚЫЗЫ

ҮНДІ ТАМЫРЛААРЫ

Шахмат тарихы бір жарым ғасырға жуық уақытты қамтып жатыр. Үнді елінде V-VI ғасырларда ойлап табылған шахмат бүгінде адам мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде орнығып, жер жүзіне тарап кетті. Көне аңызға сүйенсек, шахматтың пайда болуы браминге тиесілі екен. Ол өзінің өнертабысы үшін раджден бір қарағанда болмашы сый, шахмат тақтасында қанша тор көздер болса, сонша бидай тұқымын беруін сұрайды. Бірінші тор көзге – бір, екінші көзге – екі, үшінші тор көзге – үш, т.т. бидай дәнін беруін қалаған. Есептің шешімі ойлағаннан да күрделі болып шықты. Бұл есептің шешімі бойынша $264 - 1 \approx 1,845 \times 10^{19}$ дәнмен 180 км^2 қойманы толтыруға болады екен. Әрине бұл оқиғаның шындыққа саятыны туралы дәл бүгін айту қиын, бір білеріміз, шахматтың туған жері Үндістан екені анық.

VI ғасырдың басында Үндістанның солтүстік-батысында танымал шахмат ойынының алғашқы нұсқасы немесе бүгінгі шахматтың туысы – чатранга ойыны дүниеге келді. Сол кездің өзінде аталмыш ойын шахматтық үлгісіне (8x8 тор көзден тұратын шаршы ойын тақтасы, өте ұқсас 16 фигуралар және 16 пешка) жақын болды.

Кейіннен ойынның мақсаты мат қоюға бағытталды. Иранда шахматты «чатранг» (шатранг), Арабтық Шығыс елдерінде «шатрандж» деп атады. Ал шатрандж ойыны тәжіктердің қолына түскенде бүгінгі «шахмат» (аудармасында патшаны құлату) атауына ие болды. VIII-IX ғасырларда шатрандж Араб халифаты мен Орталық Азия елдеріне кең тарап кетті.

XIII-XIV ғасырларда шахмат Батыс Еуропадағы бай шонжарлардың ең танымал ойынына айналды, сондай-ақ, рыцарлерді тәрбиелеу бағдарламасына енгізілді. Шахмат туралы ерекше әдебиет жарыққа шықты. Онда шахмат ойыны арқылы адамгершілік қағидаттарын бойға сіңіруге бағытталған айратты шығармалар ұсынылған.

ШАХМАТТЫҚ ТЕОРИЯНЫҢ ДАМУЫ

XV-XIV ғасырларда шахматтық ережелер негізінің тұрақтануының нәтижесінде жүйелілік шахматтық теорияның дамуы басталды. 1561 жылы Руи Лопес партиялардың дебют, мительшпиль және эндшпиль этаптары қарастырылған шахмат оқулығы жариялады. Ол өз еңбегінде «гамбит» дебютінің мінездемесін, демек, кейбір фигуралардың құрбандығы жолындағы даму басымдықтарын ұсынды.

XVIII ғасырда шахмат теориясының дамуына Филидор көп үлесін тигізді. Ол жау патшасына қолындағы бар мүмкіндіктерімен бастырмалата шабуыл жасап, және жаяу жүрістегі фигураларды көмекші құрал ретінде ғана пайдалануды ең тиімді жол деп есептейтін алдындағы шахмат теориясының негізін салушылардың көзқарасына тойтарыс берді.

Былайша айтқанда, Филидор бүгінгі позициялық ойын стилін дамытты. Оның есебінше, ойыншы бас алып аңдаусыз шабуыл жасағаннан гөрі, жоспарлы түрде мықты, орнықты позициясын құру арқылы қарсыласының позициясының әлсіздігі бойынша есептеулі соққы беріп, егер тиімді эндшпильге жетелейтін болса қажеттілік туғанда ауыстыру мен ықшамдауға сүйенуге болатынын дәлелдеді.

Филидордың дұрыс позициясы бойынша – бұл біріншіден, жаяу жүрісті фигураларды дұрыс орналастыру. Көбіне Филидор идеялары келесі ғасырдың шахматтық теорияларының негізі болып қаланды.

КЕҢЕСТІК ШАХМАТ МЕКТЕБІ

Шахмат тарихында, әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында кеңестік шахмат мектебі маңызды орынға ие болды. Кеңестік шахмат мектебінің мінездемелік ерекшелігі: ғылыми қадам, теорияның терең өңделуі, жалпы бағалардың үйлесімді бірлесуі және нақты сараптама жасау.

Шахматтың кең танымалдығы, ойыншылардың бала кезден қабілетін анықтап және белсенді түрде мақсатты оқытуы (КСРО-ның кез келген қалаларында шахмат мектептері, шахмат үйірмелері, білім беру мекемелерінде, кәсіпорындар мен ұйымдарда шахмат клубтарының болуы,

АТПЕН ЖҮРІС



Бүгінгі еңгімемізге ойыншыдан тәзімділік, салқынқандылық пен алғырлықты талап ететін ойын арқау болады. Ол адам жасың, нәсілі мен сенім-нанымның талғамайды. Яғни, біз шахмат туралы сөз етеміз.

турнирлердің жиі өткізілуі, арнайы әдебиеттердің көптеп жарық көруі) кеңестік шахматшылары ойындарының жоғары деңгейде болуына ықпал етті.

Халықтың шахматқа деген ынтасы өте зор болды. Нәтижесінде, 1940 жылдың аяғы мен КСРО-ның ыдырап кеткен күніне дейін кеңестік шахматшылар әлем шахматында тегіс үстемдік етіп келді. 1950 жылдан 1990 жылға дейінгі 21 шахматтық олимпиадаларда КСРО командасы 18 рет жеңіс тұғырынан көрінген.

КЕҢЕСТІК ШАХМАТ «ӘКЕСІ»

1924 жылы Халықаралық шахмат федерациясы (ФИДЕ) құрылды. Айтулы құрылым Дүниежүзілік шахмат олимпиадаларын ұйымдастырумен шұғылданды. 1948 жылы өткен шахмат бойынша бірінші ресми әлем чемпионатында кеңестік гроссмейстер Михаил Ботвинник жеңімпаз болды. Чемпион атағын ол аздаған үзілістермен 15 жыл бойына ұстап тұрды.

Ботвинник әлем шахматында жаңа белесті – зерттеуші шахматшылар дәуірін ашты. Техника ғылымдарының докторы, электротехника кәсібінің маманы шахматты ойын ретінде емес, ғылым деп қабылдады. Халықаралық турнирлердің дайындығына дәл осы ғылыми зерттеушілік беталыстың арқасында кеңестік шахматшылар бірнеше онжылдықтар бойы әлемдік шахматта бір-бірін алмастыра жүріп, көш бастап келді. Михаил Ботвинниктің бұл табысын бағалау өте қиынға түседі. Оның белгілі мектебінен шахматтағы ұлы үш «К» – Карпов, Каспаров, Крамник және басқа да оншақты дарынды шахматшылардың білім алып, кейін мықты гроссмейстерлер болғанын ескерсек, бұл жетістігінің өзін ауыз толтырып айтуға тұрарлық.

«ПИОНЕРДЕН» ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОМЕТРИЯҒА ДЕЙІН

Кеңестік шахмат мектебінен өзге, шахматтық есептерді өзі шешуге қабілетті болған, кейін компьютерлік бағдарламаға ұласқан «Пионер» жобасының дүниеге келуі зор табыс саналды.

1958 жылдан бері Михаил Ботвинник «ойланатын машинаны» құру мәселесімен шын кірісіп кеткен-ді. Оның ойынша, адам миы жетілмеген, өте жылдам жауапты іс-әрекетке қабілетсіз. Және де ол әсіресе екі ірі державалардың ядролық қарсылас дәуірінде төтенше маңызды шешімді ешкімге сеніммен табыстауға болмайды, өйткені, адамның қателігі атом соғысына әкеліп соқтырады деп түсінді.

Ботвинник адамзаттың қателесуіне жол бермейтін машина ойлап тапқысы келді. Алайда, машинаны қалай ойлатуға болады? Жалпы, адамның ойлануы қалай жүзеге асады? Ботвинник бұл мәселені өзіне ең жақын материал – шахматшының ойлануы, яғни, ойлампаздық ұстаныммен шешуге тырысады. Сол уақыттағы іс жүзіндегі ұқсастықтар «дөрекі мінез» әдісін қолданды, былайша айтқанда «брут-форс» бойынша барлық қолжетімді нұсқаларды іріктеп шықты. Оларға қарағанда, Ботвинниктің «Пионер» бағдарламасы адамның ойлау үдерісін жаңғыртты.

Сенсацияны бес жыл күтуге тура келді. 1977 жылдың 28 қаңтарында, 3 сағат 45 минут ойландан кейін «Пионер» алғаш рет адам сияқты шахматтық этюдті шешті. Бұл үшін машина 200 позицияны сұрыптап шығуына тура келді. Сол жылы Ботвинник компьютерлер арасындағы әлем чемпионатының кезекті жеңімпазы – америкалық Chess бағдарламасына дәл осы этюдті шешуге ұсыныс жасады. 2 млн. позицияларды сұрыптап «американка» бұрыс шешім қабылдап, соңында берілуіне мәжбүр болды.

Ботвинник пен оның әріптестері таңдаған жолдың дұрыстығына шүбәсіз еді. Ол «Пионер» басқару және экономикалық есептерді шығаруға қабілетті деп ойлады. Ендігі әбден іс жүзінде өзін дәлелдеген алгоритмнің негізінде тұйыққа тірелген шешімді айқындауға, алдағы қиындықтарды және дағдарыс жағдайынан шығуды болжауға әбден болады деп есептеді Ботвинник мырза. Алайда, кеңестік билік кибернетиканың сол кездегі мемлекеттік құрылымға және ел билігіне қауіпті деп Ботвинниктің жобасын іске асыруға, оның өзінің ғылыми тобымен шетелге шығуына барынша тосқауыл жасай берді. Ғалым өзінің идеяларын КСРО қорғаныс көшеніне ұсынғанда да билік тарапынан тұсауға ілінді. Дегенмен, Батыстағылар Ботвинниктің алгоритмдеріне зор қызығушылық танытты. Ұлы ғалым тіршілігінде өзінің «Пионерін» бар қуатында жүзеге асыра алмай кетті. Бірақ, гроссмейстердің шәкірттерінің бірі оның ісін шетелде жалғастырды.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОМЕТРИЯ

Михаил Ботвинниктің жобасын жалғастырушы ретінде оның шәкірттері мен ізбасарлары ішінде Борис Штильманды ерекше атап өтуге болады. Ол тағдырдың жазуымен 90-шы жылдардың басында АҚШ-та тұрды. Өзінің ұстазының идеяларына сүйеніп, «Лингвистикалық геометрияны» жасады. Лингвистикалық геометрия – «Пионер» жобасының тікелей жалғасы еді.

«Пионер» жобасы барысында жұмыс істеу кезінде зерттеу тобының алдында күрделі мәселелер шыққанда доктор Ботвинниктің әрдайым айтатын сөзі: «Егер адам шахмат шебері бола білсе, оның қолынан келген болса, оны компьютер де жасай алады». Ол барлық шахмат шеберлері мен гроссмейстерлерінің шахмат ойнау уақытында интуициялық қолданыстарының жалпы алгоритмі және жалпы алгоритмдердің аздаған жиынының болатынына нық сенді. Іс жүзінде, бұл алгоритмдердің өңделуі, үлгілеуі және жинақталуы «Пионер» жобасының мақсатына сай еді. «Лингвистикалық геометрияның» мақсаты – осы алгоритмдердің негізінде қаланған математикалық үлгіні жасауға және зерттеуге ұмтылу.

«ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОМЕТРИЯНЫҢ» ҚАСИЕТІ

«Лингвистикалық геометрияның» қасиеті неде?», – деп сұрайтын боларсыз. Оның қасиеті робот яки ұшақты (пилотсыз) шын мәнінде басқару үшін шахмат ойыншысының сараптамалық әдісін қол-

дану, сондай-ақ, экономиканың әртүрлі салаларында алдын алу және жөндеу жұмыстарын жоспарлай алуында жатыр. Компьютерлік бағдарлама сараптаманың мінсіз алгоритмдерін қолдана отырып жеке ойлау бірлігі, жасанды ақыл-парасат ретінде жүзеге асады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын «ЛГ» авторына әскери бағытта аталмыш жобаның қуатты және оның қолдану аясы көпсалалы болатыны туралы ой келмеген де еді.

Бүгінде батыстық БАҚ мәліметтері бойынша өздерінің және өзге де әскери күштің орналасуын ақпараттандыру мақсатында қолданатын америкалық жүйеде «Лингвистикалық геометрия» технологиясы пайдаға жарауда. Жобаны жасаушылардың болжамынша бұл жүйе қаладағы, орман мен таудағы әрқилы жағдайда қарсыластың ең ықтималды және ең күрделі іс-әрекеттерін тұспалдай алатын көрінеді. Айтулы жүйе қарсыластықтың ең тиімді өлшемдерін тез анықтап, жау күшінің жағдайын болжауға, жау тылына жасырын кіріп кету т.б. жолдарын іздеп «не, егер» сценариін ойнауға мүмкіндік береді. Шын мәнінде мұның өзі жасанды ақыл-парасаттың негізі.

Осылайша, Құрама Штаттарының әскери-өнеркәсіптік көшенінде қайта туылған Михаил Ботвинник идеясы – кеңестік шахмат мектебі кезекті рет еліміздегі шахматтың болашағы зор екенін дәлелдейді.

ҚОРЫТЫНДЫ ОРНЫНА

Заман өзгерді, енді аулада шахмат клубтары жоқ, аула «гроссмейстерлері» де жоқ. Ал, бүгінгі «гроссмейстерлер» миллиондардың сүйіктісі де емес. Қоғамда шахмат мәдениетінің орыны да қалмады.

Қадірменді оқырман, өткеннің нышандары біздің өмірден кетіп, бізді біріктіретін маңызды бір нәрседен айырып тастады ма? Бұл идея ма? Мүмкін мағыналы да зор бір нәрсеге қатысты да ортақтық рух болар? Украинаның азаматтық соғыс шырмауына ілігіп кетуінің себебі де сол бір маңызды нәрседен айырылып қалғанымыз деп ойламайсыз ба? Мүмкін стратегиялық ойлаудың жоқтығы, қабілетсіздік, кей уақытта үш қадам бұрын ойланбаудың нәтижесі болар? Ырықсыздық, бос қызбалық болар? Бүгінгі күні дәл қазір, ертең – тіпті «артынан шөп шықпаса да» кез келген жолмен тездетіп нәтижеге қолжеткізуді аңсау басымда болып отыр.

Біз ел саясатына «тас лақтыруға» асығып тұрған әркімге айтамыз, еліміздің саясаты шығыс көреген данагөйлеріне тән әр адымын есеппен басуының негізінде жоспарлы түрде күшті де тұрақты позициясын құратын өте шебер гроссмейстердің ережесіне сай құрылуда. Стратегтің ойы – ұлы өнер. Жағдайды бірнеше қадам бұрын көрегендікпен байқау мақсатында тәзімділік танытып, өзінің қалаулары мен құштарлықтарын жеңе алған адам бұл өнерді иелене алады. Өйткені, күш арқылы жеңген адам бір тартысты ғана жеңеді, ал стратегтің ерік-жігерімен жеңгені бүтіндей ұрыста жеңімпаз етеді.

Қазақстан, Ресей, Белорус арасындағы 2014 жылдың 29 мамыр күні қол қойылған құжаты – шынайы патриоттың, стратегтің ойы негізінде пайда болған жаңа және көптен күткен бірлік пен қауымдастық беталысының мадағы болатыны шын.

Гроссмейстер Эмануил Ласкер өз уақытында шахмат турасында қайталанбайтын бір сөз айтқан еді: «Шахмат тақтасында өтірік пен екіжүзділікке орын жоқ... Шахматтағы байқалатын аяусыз шындық екіжүздінің көзін жейді». Құрметті оқырман, шахматтың жақсысын бойымызға сіңіру арқылы өтірік пен екіжүзділікке орын қалдырмай, аңдаусыз шабуыл жасаудан бас тартып, бір сәттік сезімге берілмей, керісінше өз өмірімізді өзгертуге жол ашып, біз өз-өзіміздің, бір-біріміздің алдында шынайы болуға ұмтылсақ игі болар еді.

Еңгімеміздің соңында ойымды түйіндей келе айтапын, біздің еліміз Ресей мен Белоруспен қол ұстасып, ата-баба мұрасымен сусындап, өзгеріс желіне рухы мен ойын ашып өткен күннің сабақтарын игеріп, абыроймен және шахмат шеберлігімен Өмір атты «шахмат партиясында» жеңіске жететіні сөзсіз.

**Руфина ТОРПИЩЕВА
Жанар ЕЛЕШОВА**



МЕН САҒАН ӨКПЕЛЕМЕЙМІН

Түс ая көзім ілініп, ұйықтап кетіппін. Тәтті түсімнің шырқын әдемі әуез бұзды. Түкке түсінбей аулаға шықсам, кеш қарайып та қалыпты. Біздің үйден жүз метрдей қашықтықта орналасқан Жайсардың үйінен асаба жігіттің жаңа сарынын салған

Кеудемді кернеген ашуымының бір бөлігін анам ақтарғандай болды. Білмесе несіне жазғырады оны. Дертінң неден өрбігенін біле білместен, пәк көңілді құрбыма күйе жағып. Әй анам-ай, байыбына бармастан біреуге кір келтіру оңай ғой бізге, болмаса қоғамымыздың күйі де басқаша болар ма еді, қан-

жылатып айтады ғой. Айтарым осы ғана. Қане, жуынып ал да бетінді әрле. Бізді де тойға шақырды. Сөзге қалмас үшін ол жерге баруға міндеттісің. Айханды сен қолдамағанда кім қолдайды. (Негізі мен Айханымның бұл құлығына наразы болсам да, құрбыма сөз тимес үшін солай айттым).

айтуға келе жатқан аппақ аруға айналаның бөрі бұрылып қарады. Көбі Марал екенін білген де жоқ. Себебі бұл ымырт жабылған кез еді. Қазандықтың қасында келіншектер енді Маралдың келгенін сөз етіп тұр. Оларға қарап қаным қайнады, бірақ аңғармағандай кейіп таныттым. Аққудай ақ көңілді, ерке мінезді Маралдың ауладан аттаған бергі қадамдары бір межеге бағытталған. Тура Қайсар мен Айхан отырған жерге кеп қалт тоқтады. Көзіне үйірілген жасын жүзіндегі жалған күлкімен жасырғысы келді,

– Не дедің сонда?
«Мен саған өкпелемеймін», –
дедім.

Сондықтан да ұстаз болу үшін жүректің даналығы, ақ қардай жаны таза болу керек шығар. Себебі бала шықарт тек адалдықты жақсы көреді. Өмір ащы оқпен атса да адалдық деген қасиеттің түбінде бәрін жеңетінін біледі. Себебі оған ең адал мұғалім сабақ берген, ең адал адам қалам ұстатқан. Асқақ және киелі мамандықтың иелері – ұстаздар қауымы кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын. Сіздерге әр жұмыр басты пенде басын иеді. Мақтауға да, атаққа да лайық сіздерсіздер – киелі мамандық иесі ұстаздар.

Адамның бәрі бірдей жақсы көре бермейді. Жақсы көру деген – қандай жағдай болмасын оның жанында қалу дегенді білдірсе керек. Сол себепті, «мәңгі бірге боламын» деп құр бос уәде бергенше, жүрек түкпіріне үңіліңіз. Сіз жақыныңыздың жанында қандай жағдай болса да бірге бола алатыныңызға сенімдісіз бе?

A black and white portrait of a woman with dark hair, smiling and looking towards the camera. She is wearing a dark, textured jacket. The background is dark and out of focus.

КӨЗІМНІҢ ҚАРАШЫҒЫ

ҚАРА ДОМБЫРАМНЫҢ ҚАСИЕТІ – ҚАЗАҒЫМНЫҢ БОЛМЫСЫ

Домбыра – қазақ халқының өте ертеде және кең тараған, нағыз табиғи ұлттық музыкалық аспабы. Көне Шумер тілінен аударғанда «кішкене садақ» деген мағынаны береді екен. Алматы облысы, Жамбыл ауданы аумағынан шамамен 2,5 ғасыр бұрын табылған таста қашалған суреті мен 16 ғасыр бұрын Мысыр еліндегі Нахт қабіріне салынған пішінінен еш өзгермеген. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап ішекті, шертпелі аспаптар тобына жатады. Зерттелген деректерге байланысты Кемел Ақышев бастаған бір топ ғалымдар домбыраны неолит д. д. 4000 жыл бұрын тастарға сылынып, ең алғаш қыпшақ нотасымен таңбаланған деседі.

Аспап әр түрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалады. Тоғыз, он бір, он төрт, жиырма төрт пернесі болады. Күй арнайы құлақтарымен келтіріледі. Аспап үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді.

Домбыра аспабының негізгі екі түріне байланысты аспапта күй орындаудың екі түрі «төкпе» мен «шертпе» қағыстары қалыптас-

қан. Сазды күйлер Арқа өңірінде, ал төкпе күйлер батыс аймақтарда кең таралған.

Аспаптағы жоғарғы тиектің қалай пайда болғаны жайында аңыздарда былайша әңгімеленген:

Шайтан тиек

Жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шегіп әбден қалжырап келе жатқан батыр жолшыбай демалуға аялдайды. Сайдың ішіндегі саялы жерде жайғасып отырған соң талдан бір шыбық кесіп алады, оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығармақ болып көреді. Бірақ қолдан жасаған тым жұпыны аспаптан ешқандай үн шығатын емес, тым-тырыс, меңіреу күйінде қала береді. Батыр оны жанына тастай салады да, өзі қисайып жатып ұйықтап кетеді. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жатқан дауыстан оянады. Қолына алып қараған батыр аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді, оны әлдебіреу ішектің астынан келтіріп орнатып қойған екен. Батыр: «Е, бұл шайтанның ісі болды ғой», – деп ойлайды. Бәлкім содан бері қалған сөз болса керек, халық

арасында жоғарғы тиекті «шайтан тиек» деп атайды. Ішекті жылқының қылынан тағу, жоғарғы тиектің болмауы көне аспаптарға тән сипат.

Келесі аңыз-әңгімені өз еңбегінде этнограф Өзбекәлі Жәнібеков жариялаған еді.

Зарлық пен Мұңлық

Ертеде бір хан қызының кедей жігітпен көңіл жарастырғанын сезіп қалады да жігітті дереу дарға астырады. Екі қабат болып қалған қыз мезгілі жетіп босанады. Оны аңдыған мыстан кемпір егіз баланы көз көрмес, құлақ естімес, алыс жерге апарып, жап-жасыл үлкен бәйтерек басына ұлды батысқа, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді. Сәбилердің көз жасы тамған бәйтерек солады, жүрегі тоқтаған нәрестелермен бірге ағаш та қуарады.

Қаңқу әңгіме халық арасында жата ма, оны естіген ана егізін іздеп жолға шығады. Жолдан шаршаған ана ағаш түбіне келіп, демалады. Құлағына күмбірлеген сарын естіледі. Қайдан шығатын әуен екенін білгісі келіп ағаш үстіне шығып тыңдаса, жаңағы бәйтерек сынып кетеді. Ағаштың түбінен басына дейін іші қуыс екенін көреді. Екі басына бұтақтан-бұтаққа керіліп қалған ішектерді көреді. Екі ішек самал желмен тербеліп, одан әуен шығады екен. «Егіз құлынымнан қалған жұрнақ осы болар» деп сол ағаштан аспап жасап алады. Батысқа қараған ішегі бос-тау, шығысқа қараған ішегін қаттылау керілген екен. «Астыңғы ішек – жіңішке дауысты қызым Зарлық, ал үстіңгі ішек – бос қоңыр дауысты ұлым Мұңлық болсын», – деп екі ішекке ат қойып, домбырасын тартып, күй шығарып кеткен екен.

Өткен жүз жылдықта ұлы халық композиторы Құрманғазымен бірге Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Байсерке, Қазанғап секілді санлақ күйшілер дүйім жұртты аузына қаратқан екен. Бұлар бармағынан бал тамған майталман домбырашы болуымен бірге нелер бір ғажап күй де шығарған шын мәніндегі өнер иелері-тін. Солардың арқасында домбырада тартылатын күйлердің музыкалық формасы үздіксіз жетілдіріле түскен-ді. Домбыраның техникалық мүмкіндіктері артқан сайын домбыра тарту өнері де едәуір өрге басып, байи түсті.

ШЕШЕНДІК СӨЗ

ЖАҚЫНЫҢ ҮШІН ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҒАСЫНАН АЛМА

Төле шешен айтты деген сөз



Шақшақұлы Жәнібек батыр Төле биге: Тұзу мылтық, ұшқыр құс, жүйрік ит, мақтаншақ жігіт, ұрыншақ ат – бесеуін жиып қойдым. Боз бала болып ерлік қылайын ба? Үлгі алып, билік құрайын ба? Еліңде көрің болса – жазулы тұрған хатың. Жайлаған көліңнің алдында төбе болса – ерттеулі тұрған атың деуші еді, ақыл сұрайын деп келдім, – дейді.

Сонда Төле шешен: – Менен ақыл сұрасаң Өгізге ер салма, Қанатың талар. Наданға көзіңді салма, Сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа, Сенімің кетер, Дұшпаныңа шыныңды айтпа, Түбіңе жетер. Жал-құйрығы қалың деп Жабыдан айғыр салма, Жаугершілік болғанда, Жағдайлап мінер ат тумас. Жақының үшін Жақсының жағасынан алма, Жерің тарылар. Ит жүгіртіп, құс салсақ Әуейі боларсың. Әйел алсаң, Көріктіні алма, тектіні ал. Мақтаншақ жігіт жисаң Жөніңнен шығарсың. Ұрыншақ ат жаз жарға, Қыс қарға жығар. Тұмау түбі құрт болар, Тұман түбі жұт болар, Ақылдың түбі құт болар. Қарап отырғанша Бір нәрсеге жарап отыр. Кәсіп болмай нәсіп болмас, Қабырғадан қар жауса Атан менен нарға күш, Ел шетіне жау келсе Қабырғалы биге күш. Менің ақылым осы, – депті.



Амангүл ТИЛЕЙ

Студенттердің қалтасы жолақыны көтере ме?

Бүгінгі таңдағы халықтың көкейінде жүрген сауалдардың бірі – жолақысы неге қымбат? Қазір қала маңында жүретін кейбір автобустар да жолақы құнын өсіріп жіберген. Бүгінде оқу орындарында грант бойынша білім алатын студенттерге жол ақшасына деп бюджеттен ақша бөлінеді. Ал ақылы оқитындар үшін мұндай мүмкіндік жоқ. Ақылы бөлімде оқитын және мемлекеттік грант негізінде білім алатын деп студенттерді бөліп-жарған дұрыс па? Ақылы бөлімде студенттер үшін онсыз да ата-аналары оқу ақысын төлейді. Осы тақырыпты кең талқылау мақсатында көппшіліктің пікірін біліп, сауалнама жүргізген едік.

Гүлжан Артықпаева, С.Торайғыров атындағы ПМУ аға оқытушысы

– 2003 жылы автобус жолақысы 20 теңге болды. Ол тұста қалтаға аса салмақ түспейтін. Қазіргі студенттер үшін жолақысын жеңілдету керек, өйткені қалада жастар көп, дені жатақханасыз, шәкіртақысы аз. Онымен қоса пәтер жалдайды, күнделікті тамағы бар. Басқа елдермен салыстырып қарасақ, Еуропада көбі велосипедпен жүреді, бірақ оған арналған жолдар, тұрақтар бар, тіпті велосипедті автобуспен алып жүруге

де болады. Ал мұндай қолайлы жағдайлар бізде де жасалса, велосипедпен жүретіндер көбейер еді. Бұл бір жағынан студенттер үшін қолайлы болар еді.

Нұрзағи Хабдолла, зейнеткер ұстаз

– Біздің қаламызда кейбір қалалар мен салыстырғанда жолақысы құптарлық. Жанармай тапшылығына байланысты көтермесе болғаны. Қазіргі жағдайда автобус пен трамвай сынды қоғамдық көліктерде зейнеткерлермен мектеп оқу-

БІЗДІҢ САУАЛ

шыларына жеңілдіктер жасалған. Бұл да болса көпшілік қауымға көп көмегін тигізуде. Осы аталған көліктермен қатар жолаушы тасымалдайтын маршруттарда да жеңілдіктер жасалса, игілікті іс болары сөзсіз.

Мөлдір Жасұлан, С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті

– Автостоп жолақысына жеңілдік жасалу қажет. Әсіресе, мектеп оқушылары, сонымен қатар ақылы бөлімде оқитын студенттерге міндетті түрде жеңілдік жасалу керек. Жағдайы мен тұрмысы нашар отбасылар да бар. Осыларды ескере отырып, жеңілдіктер ұсынылса нұр үстіне нұр болар еді.

ҚР «Жастар саясаты туралы» заңының 6-бап, 4-тармағында «ҚР күндізгі оқу бөлімінде оқитын жастардың жергілікті өкіметті органдардың шешімі бойынша қоғамдық көліктерде жеңілдікпен жүру құқығы бар», деп анық жазылған. Бірақ, өкінішке қарай қала ішінде қатынайтын автобустарда ешқандай жеңілдіктер қарастырылмаған. Халық қалаулылары осы мәселені қаперіне алса дейміз.

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: М. Амантай,
Ә. Абетжанова, М. Сағидолла.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан,
А. Тойшыбайұлы.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г күәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 2126